


Түйенің Ізімен...

Түйенің құпиясын іздеп, тап



Кіріспе

Мен Сауд Арабия патшасы Фатху мырзаға, Ислам қорына және тағы басқаларға алғысымды айтамын. Олар Құранды жер бетіндегі барлық тілдерге аударуға уәде берген. Мен енді қуаныштымын Құранды өзімнің ана тілімде оқи алатыныма. Мұсылмандардың 20% азы арап тілінде хат танып оқи алады. Яғни мұсылмандардың көбісі арап тіліндегі Құранды түсіне алмайды, оларға Құранды түсіндіріп беретін адам керек. Басқа сөзбен айтқанда, олар Құрандағы барлық хабарды басқа бір адамның көз қарасымен түсіне алады. Фатху мырзаның арқасында, қазіргі кезде осы қиындық азайып жатыр.

Алланың ниеті сіздің оның хабарын жете түсінгеніңіз. Қалай сіз оның айтқанын орындайсыз, егер сіз оны түсінбесеңіз? Мұхамедке (Ғ.С.) дейін өмір сүрген мұсылмандар Құдайдың оларға не айтқанын түсінген, себебі Алла олармен өздерінің ана тілінде сөйлескен. Келесі әңгіме Алланың хабарын түсінудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Индияда, бір тігін фабрикасының иесі арап болған. Ол жұмысшыларына арап тілінде хат жазды. Ол оларға қызыл көйлекті тоқтатып, орнына сары көйлек шығару керектігін айтты. Хатта ол жұмысшыларына айдың соңында сый ақы беретіндігін де айтты, егер жұмысын жақсы істесе. Сол арап ол арду тілінде, Һинди тілінде сөйлей алмайтын еді. Осы арап өзінің орынбасарының көмегіне мұқтаж болатын. Оның орынбасары арап, арду, Һинди тілінде сөйлей алатын еді.

Сол индиядағы орынбасары иесінің жұмысшыларға жіберген хатын арап тілінде дауыстап оқып, содан соң барлық жұмысшылар көру үшін хатты олардың алдына үстелдің үстіне қойды. Барлық жұмысшылар иесінен хат алғанына қуанышты болды, бірақ сол өндіріс қызыл көйлектің орнына, сары көйлекті шығармады, өйткені, олар оның не жазғанын түсінбеді. Қожайын бұл туралы білген кезде орынбасары мен жұмысшыларына қатты ашуланып, ренжіді. Ол бұрынғы жұмысшыларын шығарып, орына жаңа орынбасар, жаңа жұмысшылар аламын деп шешті. Ол өзінің бұйрықтарын анық түсініп орындай алатын адамдарға ғана жұмыс

жүзіндегі барлық адамдар үшін, қандай құрбандық қолдана алатын еді?

Құранның айтуынша, Исаның туылуы бүкіл әлемге белгі болған. Бүкіл адамзатқа құрбандық беру үшін Аллаға ең күшті, киелі, таза және кінәратсыз құрбандық керек еді. Құрандағы біздің көргеніміз ең таза, киелі, әлемдегі кінәратсыз қан бұл Исаның қаны болған. Алла Исаның таза, киелі, кінәратсыз қаны арқылы құрбандық жасады.

Алла Ыбырайымға уәде етілген ұлы мен құрбандық істетпеді. Ол Өзі біз үшін Өзінің баласы Иса арқылы құрбандық істеді. Бұл дүние жүзі ешқашан көрмеген сүйіспеншіліктің жемісі, күнәсіз қан күнәһарлар үшін төгілген. Біздің лайықты жазамызды Иса өзіне алды. Енді сіз білесіз не себепті шынайы мұсылмандардың соншалықты қуанышты екенін. Олар түсінеді Алланың біздің өзімізге лайықты жазамызды бермегенін. Інжілде Жохан 15:13 айтады: “Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі – олар үшін өмірін құрбан етуі.” Иса өзінің өмірін біз үшін құрбан етті.

Бүгін сіздің де шынайы мұсылман болуға мүмкіншілігіңіз бар. Сіз тек ғана сенуіңіз керек, Алла сіз үшін құрбандық бергеніне және Ол сіздің қаныңыздың орнына Исаның қанын төккеніне. Қазір тоқта, қолыңды жайып, кішіпейілділікпен Аллаға сиын, Оның құрбандығын қабылда, өзіңіздің күнәңіздің жазасын Исаға артқанына алғысыңызды айтыңыз. Сонда Алла сіздің күнәларыңызды кешіріп, күнәнің қарғысынан босатады. Сіз күнәларыңыздан тазарғандықтан өлгеннен кейін, Алланың қасына жұмаққа бара аласыз. Енді сіз тыныш өмір сүре аласыз, өйткені сіз білесіз өлімнен кейін тіке Алланың қасына бара аласыз.

Осы кітаптадағы әңгімелер мұсылман мемлекетіндегі көп шынайы мұсылмандардың көргендерінен құралып жазылған.

болса, ол өлімнен кейін, жұмаққа тіке барады және Алланың қасында болады.

“Құрбан” бұл біздің күнәларымыздың жазалауын суреттейді. Ойлап қарашы, сіз сот залында соттың алдында тұрсыз. Сот адал және әділ адам. Сіздің күнәңіз үшін, сот сізді өлім жазасына айыптайды. Сіздің күнәңіз бола тұра, Алла сіздің күнәңіздің жазасын күнәсіз адамның өтеуіне жол береді. Алла сіздің күнәңіздің жазасына немқұрайлы қараса, бұл Оның әділ сот еместігінде. Әрбір қылмыстың жазасын өтеу керек. Бұл әділдікті талап етеді. Сіздің күнәларыңыздың жазасы өлім.

Мұсылмандардың құрбан айты туралы ойлап көріңізші. Бірінші біз кінәратсыз таза мал табуымыз керек. Құрбандыққа ауру, ақсақ, кемістігі бар мал жарамайды. Құрбан шалардың алдында біз былай деп Аллаға сиынуымыз керек: “Алла, мен күнәһармын, мен сіздің алдыңызда күнә жасадым. Менің қаным төгіліп, мен өлуге лайықтымын. Сол себепті, Алла Сізден өтінемін, мені аяңызшы және менің қанымның орнына осы мінсіз тоқтының қанын қабылдаңызшы.”

Адам атадан бастап, Исаға дейін құрбандық шалу жалғасып келген. Алла малды құрбан шалуға әрдайым бұйырған жоқ. Ыбырайымға уәде етілген жалғыз ұлын құрбандыққа шалуды бұйырған. Өзінің баласын құрбандыққа шалайын деп жатқан Ыбырайымды Алла соңғы сәтте тоқтатты. Алла Ыбырайымның тек ғана Өзіне деген сүйіспеншілігі мен мойынсұнуын сынады.

Шынайы мұсылмандар құрбандықты өте жақсы түсінеді, өйткені олар төрт кітаптардың бәрін оқыған. Олар біледі Исаның соңынан ерген мұсылмандардың құрбандықты тоқтатқанын. Не үшін тоқтатты? Шынайы мұсылмандар осы мал құрбандығы Ұлы құрбандықтың көлеңкесі ғана екенін біледі. Әли Ғыман 3:54-55 ұлы құрбандықты суреттейді. Сол ұлы құрбандық дүниедегі бұрынғы өмір сүрген, қазіргі өмір сүріп жатқан, болашақта өмір сүретін барлық адамдарға берілген. Алланың адамзат үшін берген құрбандығы, Оның бізді соншалықты сүйетінін көрсетеді. Бұл бізге сенімділік береді біздің күнәларымыздың толықтай кешіріліп, қарғыстан азат болғанымызға. Ойлап көріңізші, Алла дүние

бергісі келеді: Олар оның бұйрықтарын айтқанындай орындаса, ол жұмысшыларға батасымен қоса, сый ақы беруге дайын.

Алланың хабарынан құр алақан қалмашы. Алланың хабарын басқа біреуден есітуге сенім артпа! Өтінемін өз тілінде жазылған Құранды алып, сіздің өміріңізді өзгерте алатын ішіндегі байлықты бірге іздейік.

Шынайы Мұсылмандар Әли Ғыман 3:42-55

Құранды өзімнің ана тілімде оқыған кезімде, жүрегімді үмітке толтырған бір аятпен кездестім Әли Ғыман 3:42:55 аяттардағы шындықты қабылдағанда, осы үмітті сіз де сезіне аласыз. Әрбір адам осы шындықты көре алмайтынына менің жүрегім ауырады. Алла сіздің көзіңізді ашып, оның шындығын тануыңыз үшін, мен сиынамын.

Оқыңыз: Мәйда 5:83 *“Олар пайғамбарға түсірілген (Құран)ді тыңдаған заманда, шындықты танығандықтарынан көздерінің жасқа толғанын көресің. Олар: Раббымыз! Иман келтірдік, бізді куә болушылырдан жаза көр!”* – дейді.

Бұл аятта кім туралы айтады? “Олар” деген кімдер? Бұл адамдар кім екен? Алланың шындығын кім таныды? Жауапты біз Әли Ғыман сүресінен табамыз.

Мен Әли Ғыман 3:42-55 аяттарды көп оқығаным соншалық сан жетпейді. Мен осы аяттан шындықты таптым. Мен әр кез оқыған сайын алғашқы оқыған сәттегі қуанышты сеземін. Менің осы аяттан тапқан шындығым жаңа шындық емес. Тарихта көп адамдарға осы шындық ашылған, себебі олардың көздері шындыққа ашық болған. Әли Ғыман 3:42-55 сүресін оқығанда Алла күн сайын жүздеген Мұсылман бауырларымыздың көзін шындыққа ашып жатыр. Осы шындықты танығандары өздерін “пәк,” немесе “шынайы” мұсылманбыз дейді.

Алла көп мұсылмандарға түс арқылы Әли Ғыман 3:42-55 сүресі шындықты растайды. Жақында 600 дей шынайы мұсылмандар арасында зерттеулер жүргізілді. Сол алты жүздің ішінде жүз елуі

бір түс арқылы шынайы мұсылман болған. Осы түсте Алланың елшісі оларға көрініп, Әли Ғымран 3:42-55 сүресінің шындығын растады. Кейбір шынайы мұсылмандар түсінде пайғамбар Мұхаммед (Ғ.С.) көріп, осы кітапшаның ішіндегі шындықты растағанын естіді. Құранға дейін киелі жазбаның біреуінде бір аят айтады – “Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді.” Сіз шындықты біліп, азаттыққа жеткізіңіз келе ме?

Өтініш, уақыт тауып, Құранды қолыңызға алып, Әли Ғымран 3:42-55 осы тамаша аяттарды асықпай оқып шығыңыз. Мен сізге әр аятқа түсіндірме көрсетемін. Сіздің көзіңіз ашылып, шындықты түсініп, шынайы мұсылмандар қатарында болуыңыз үшін мінажат етемін.

Әли Ғымран 3:42-55 Түсініктеме

3:42 Сол уақытта періштелер: “Әй Мәріем! Шәксіз, Алла сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды” деді.

3:43 “Әй Мәріем! Раббыңа бой ұсын, сәжде ет және рүкүз қылушылармен бірге рүкүз қыл.”

Інжіл шариф жазылғанға дейін 400 жылда Құдайдың ешқандай пайғамбарлары болмаған. Алланың халқы күніренген, үмітсіз күйде қалды. Тарихтың осы бір түнерген уақытында Алла ерекше бір іс істеді.

Ол Жебрейіл періште арқылы Мәріем деген пәк қызбен сөйлесті. Періште оған айтты – Алланың Мәріемді бір ерекше жұмысқа таңдағанын. Бірақ Мәріем алдымен өзінің шынайы мұсылман екенін растау керек еді. Ол толығымен Аллаға мойынсұнуы керек еді.

3:44 (Мұхаммед Ғ.С.) міне бұл саған Біз уахи етіп отырған көмес хабарлардан. Олардың қайсысы Мәріемге ие болады деп, қаламдарын (шар) салған кезде, қастарында жоқ едің. Сондай ақ олар таласқан сәтте де алдарында емес едің.

Жұмаққа апаратын тура жол

Соқыр адамдарға жүру үшін көмек керек. Мен Әли Ғымран 3:42-55 оқығанға дейін өзімнің рухани соқыр екенімді сезіндім. Менің жаман да күнәһар табиғатым, жұмаққа апаратын тура жолды көруіме, кедергі болды. Маған біреудің көмегі керек болды. Мені жұмаққа апаратын, тура жолды білетін және сонда тұратын біреудің көмегі маған керек болды. Мен сияқты соқыр адам маған ешқандай көмек бере алмайтын еді. Маған қажет адам сол тура жолмен жүрген және ол жұмақтың азаматы болуы керек еді.

Жұмаққа баруға Иса бізге көмек бере ала ма? Әли Ғымран 3:42-55 Алладан келген ерекше хабар екеніне сенемін. Осы керемет хабар жұмақтан келіп, адамдармен бірге өмір сүріп, жұмаққа қайта оралған бір адам туралы айтады. Ия мен сенемін Исаның бізге көмек бере алатынына.

Осы кітапшаның басында мен сізге Құраннан бір аят көрсеттім, сонан соң сізге сұрақ қойдым. Енді жауап қайтарудың уақыты келді.

Мәйда 5:83 ... Олар Пайғамбарға түсірілген (Құран)ді тыңдаған заманда, шындықты танығандықтарынан көздерінің жасқа толғанын көресің. Олар: “Раббымыз! Иман келтірдік, бізді куә болушылардан жаза көр!”,- дейді.

Осы аяттағы “**Олар**” “деген кім деп сұрадым? Жауабы былай болды: Бұл өздерін “шынайы мұсылманбыз” деп атаған Исаның соңынан ерушілер.

Сіз Исаның соңынан жүріп, жұмаққа қалай бара аласыз?

Алла сізді өте жақсы көреді және сіздің өлімнен кейін Өзіне келгеніңізді қалайды. Бірақ жұмаққа бару үшін, сіз күнәларыңыздан толық тазаруыңыз керек. Осы қиыншылықты шешу үшін, сол арқылы біздің күнәларымыз толықтай кешіріліп, күнәнің қарғысын бізден алып тастау үшін, Алла жол дайындады. Адам атадан бастап, адамдардың күнәлары кешірілетін еді, егер олар құрбандықтарды дұрыс орындаса. Адамның күнәлары кешіріліп, алып тасталған

Өзіңіздің имамыңыздан 55 ші аятты арапша оқып беруін сұраңызшы. Оқыған кезде ұқыпты тыңдасаңыз, сіз оның арапша “мутаваффика” дегенін естисіз. Бұл сөздің түбірі “таваффа.” Бұл сөздің мағынасы “өлу” әлде “өлтіру.” “Таваффа” сөзі Құранда 26 рет кездеседі. 24 рет қолданады “өлу” және “өлтіру” мағынасында. Екі рет аударылады ұйықтау деген мағынада. Ешқашан “алып қою” деп аударылмаған. Аудармашылар өте ұқыпты және сақ болуы керек, Құранды басқа тілге аударған кезде. Сол себепті 55 ші аяттың дұрыс аудармасы былай болуы керек ‘Сол уақытта Алла: “Әй Ғиса, мен сені өлтіремін, сонан соң Мен сені өлімнен қайта тірілтемін және Өзіме қайта көтеремін.” Мәрием 19:33 Иса өзі туралы былай дейді: менің туылған күнім жарылқансын, менің өлген күнім жарылқансын және қайта тірілген күнім жарылқансын. “Қайта тірілудің” мағынасы “өлімнен қайта тірілу” Бұл Алланың мінсіз жоспарының қорытындысы. Бірақ не үшін Алла Исаның өлуіне жол берді? Мен бұл сұраққа кейінірек жауап беремін.

Қазір Иса қай жерде? 55 ші аяттың айтуынша Алла Исаны өзіне көтеріп алды. Есіңізде болсын Алла 100 % киелі. Егер біреу Аллаға, тікелей Аллаға көтерілсе ол да 100 % киелі болу керек. Бірде бір күнәһар адам Алланың алдына бара алмайды.

Исаның өмірін қысқаша былай баяндаймыз:

- Ол туылғанда Адам атаның күнәһар табиғатының мұрагері болған жоқ.
- Ол киелі, күнәсіз өмір сүрді.
- Алла оған өмір мен өлімнің билігін берді.
- Иса тіке жолмен Аллаға барды.
- Иса қазір Алланың қасында.

Осы шындық бізге тікелей Құраннан келді. Шынайы мұсылмандар осы шындықты түсіну керек.

Інжіл шарифте Иса өзі туралы батыл сөздер айтқан: “ Жол, шындық және шынайы өмір Менмін.” (Жохан жазған Ізгі хабар 14:6) Әли Ғымран 3:42-55 Інжіл шарифтегі сөздерді растайды. Иса Аллаға баратын жолды біледі, себебі ол тіке жолмен Аллаға барған. Иса ол шындық, өйткені ол Алланың сөзі. Алланың сөзі әрқашанда шындық. Иса ол өмір өйткені оған өлімнің билігін берген.

Қырық төртінші аяттағы әңгіменің алдында біз не болғанын анық білмейміз. Діни басшылар кейбір үйленбеген еркектерді жинаған сияқты. Еркектерді жинаған соң олар жеребе тастады, Мәрием мен баласына қамқор болуды Алла кімге бұйыртады деп. Тарихтың бізге айтуымен Жүсіп Мәриемнің күйеуі болған.

Аспандағы осындай қуанышты біз Құранның басқа жерінен кездестірмейміз, Алла дүниедегі барлық адамдар үшін ерекше бір іс істеді, бұрын ешқашан болмаған және кейін қайталанбайтын.

3:45 Сол уақытта періштелер: “Әй Мәрием! Расында Алла сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсих Ғиса Мәрием ұлы, дүние ақиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады” деді.

Қырық бесінші аятта Мәриемға Исаның туылуы үшін таңдап алғанын хабарлады. Дүниедегі мұсылмандар Исаны екі атпен атайды. “Иса Алласөзі” (*Иса Калиматула*) және “Иса Алларухы” (*Иса Рухула*) Неге мұсылмандар Исаны осы екі атпен атады?

Бұл сұраққа жауапты біз Әли Ғымран сүресі 3:45 және Әнбия сүресі 21:91 табамыз. Алла Өзінің Сөзін Мәриемға жіберетінін айтты. Алланың “сөзі” деген не, немесе кім? Осыны жақсырақ түсіну үшін Әнбия сүресі 21:91 оқыңызшы “ ...абыройын қорғаған (Мәрием)ға рухымыздан үрледік. Сондай-ақ өзін де ұлын да бүкіл әлемге ғыбрат қылдық.” Неге біз Исаны “Иса Алласөз” және “Иса Алларұх” деп айтамыз? Құран анық көрсетеді, Иса бұл Алланың Сөзі және Рухы. Басқа, бірде-бір пайғамбарға бұндай атақ берілмеген.

Алла Өзінің “Сөзі мен Рухын” Мәриемның ішіне салған, ол нәрестеге айналған. Алла Мәриемға баланың атын Ғиса Мәсих деп атады. Мәсих сөзі қандай мағына береді? Мәсих деген уәде етілген және майланған (яғни таңдалған). Иса тумастан 758 жыл бұрын Ишай пайғамбар (Ғ.С.) “...пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил деген ат қояды (Ишай 7:14). “Имануил” деген еврей сөзі мағынасы “Алла бізбен бірге.”

Жер бетіндегі адамдар және мәңгілік жұмақтағылар Исаны құрметтейді және Иса Аллаға жақындардан болады. Құран бізге Исаны сипаттап берді. Иса ол Алласөз, Алларух, Мәсих (майланған және уәде етілген) және бүкіл әлемге дәлел болған (Әнбия сүресі 21:91). Егер біз бұрын ешқашан бармаған жерге баратын болсақ, бізге жол көрсететін маңдайшаға қараймыз. Егер біз Исаның артынан ерсек, қайда барамыз?

3:46 Бесікте және ержеткенде адамдарға сөйлейді. Әрі игілерден болады.

Исаның дүниеге келуі бүкіл әлемге хабар және ол әділдердің қатарынан болатын еді. Исаның әділдігі қаншалықты? Мәрием сүресі 19:19 Алла Исаның таза бала болатынын айтты, Інжіл шариф бізге үйретеді Исаның ешкімді өлтірмегенін, оның ақшаға құмар болмағанын, оның үйленбегенін және дін мұғалімдері арасындағы коррупцияға қарсы болғанын, күн сайын дұға еткенін, 40 күн ешнәрсе ішпей күнімен, түнімен ораза ұстағанын және біздің жауларымызды сүйеге үйретті. Егер Иса бір күнә жасаған болса, онда оның Алласөз, Алларұх болмағаны және ол жұмаққа Алланың қасына бармайтын еді. Иса арқылы шынайы мұсылмандардың қалай өмір сүру керегін дүниеге көрсетті. Егер барлығымыз Иса көрсеткендей өмір сүрсек онда әлем ғажап болар еді.

3:47 “Раббым! Маған бір адам тиіспесе сонда балам қалайша болады!”, – деді. (Періштелер): “Солайша Алла қалғанын жаратады” деді. Қашан бір істің болуын қаласа, тек қана оны “бол” дейді, Сонда ол, бола қалады.

Мәрием Алладан келген хабарға таң қалды. Мәрием Аллаға: “Қалай мен бала туамын егер мен тұрмысқа шықпасам және ешқандай еркек маған жақындамаса.” Алла Мәриеммен өте сабырлы болды. Алла оған былай деп жауап берді: “Мен Алламын. Маған қалаған ісімді істегеу оңай.”

Біз білеміз Алланың ешнәрсені де кездейсоқ істемейтінін. Алланың істеген істерінің бәрі де оның кемшіліксіз жоспарымен болады. Егер бұл солай болса, онда **неге Алла Исаның әкесіз туылуын қалады?** Бұрын сонды әкесіз пайғамбар туылып па еді? Осы оқиға барлық мұсылмандарға нені білдіреді?

Дүниедегі адамдардың бәрін Аллаға ғана табындыру үшін, Иса өзіне жәрдемшілер беруін сұрады. Исаға еркектерден құралған кішкене топ келді, ол адамдар өздерінің мұсылман екенін және Исаға көмек беретінін айтты. Олар Алланың жіберген сөзіне және хабаршысына (Исаға) сенетінін айтты. Құранның айтуынша Исаның соңынан ергендер Мұсылмандар!

Құранның айтуынша мұсылмандар Исаның жолында жүруі керек. Құран еш жерде мұсылмандарды осы міндеттен босатпады. Бір пайғамбар басқа бір пайғамбардың айтқандарын жоққа шығара алатынын Құран еш жерде айтпады!

3:54 Олар айлакерлік істеді, Алла да амалын тапты. Алла тәсілшілердің жақсысы...

Шайтан шындықты жек көреді, адамдар шындықты білмеу үшін шайтан бәрін де істейді. Ұзақ жылдан бері Құранды оқысаң да, бәрібір Әли Ғымран 3:42-55 түсіне алмадың ба? Шайтан сенің Құранды **оқығаныңа** қарсы емес, бірақ ол ашуланады егер сен Құранды **түсінесен**. Алла шайтанның жеңуіне жол бермейді. Алланың жоспары бар, дүниедегі барлық адамдарға шындықты жеткізуге.

Исаның өліміне екі жоспар болды. Исаны өлтіруге Еврей басшыларының жоспары болды, Алланың да өзінің жоспары болды. Құран Исаның өлмегенін айтады ма? Жоқ. Ниса 4:157 Еврейлер Исаны өлтірмегенін, аспағанын айтқан. Назар аударыңыз: бұл аят Исаны өлмеді деп айтпайды. Тағы да назар аударып қарашы, еврейлердің біреуді айыптап өлтіруіне рұқсат берілмеген. Бұны тек қана римдіктер істей алатын еді. Шын мәнінде Исаны өлтірген еврейлер емес, римдіктер. Егер сен Исаның өлмегенін Құран растайды деп ойласаң, онда келесі аятты оқы:

3:55 Сол уақытта Алла: “ Әй Fйса! Сені Мен алушымын! (Т.Қ.Ж-Қ.) Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да саған ілескендерді қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын. Сонсоң қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін ” деді.

алдында парызыңызды орындайсыз? Інжілде не айтатынын сізге зерттеп алу қажет, сонда сіз білесіз Исаға мойынсұнатын жолды. Мұхаммед (Ғ.С.) кезіндегі Інжіл шариф, тура сол Інжіл шариф қазір біздің қолымызда. Сіз Інжіл шарифті тапқан кезіңізде тексеріңізші оның бірінші ғасырдағы Грек тіліндегі түп нұсқадан аударылғанын.

3:51 “Негізінен Алла менің де Раббым, сендердің де Раббыларың. Оған құлшылық қылыңдар, тура жол осы.”

Барлық жол немесе көше бізді біреуге әлде бір нәрсеге алып барады. Осы аяттағы тура жол бізді Аллаға алып барады. Ол ешқандай бұрылыссыз, айналмасыз тура Аллаға апаратын жол. Ол тура жол, ол тоқтаусыз жұмаққа барады. Енді кім осы Аллаға апаратын жолмен жүре алады?

Сіз өміріңізде адамдардан мынандай сөз естігенсіз бе: Егер менің игі істерім жеткілікті болса, өлімнен кейін, Алламен бірге жұмақта боламын” деген? Осылай айтатын адамдар олар соқыр және олар Алланың киелілігін қорлайды. Қаншалықты игі істер істесеңізде бәрібір өміріңізде Аллаға мойынсұнбаған кездеріңіз бар. Сол игі істеріңіз осы күнәні өшіре алмайды.

Алла жүз пайыз киелі және Оған күнә жақындай алмайды. Есіңде ме, Алла Адам атаны тек бір күнәсі үшін Өзінен аластатып жіберді. 99,9 % киелі адамдар жұмаққа кіре алмайды. Шын мәнінде 99,9 % киелілік жоқ. Киелілік әрқашан 100 %. Тек қана күнәсінен арылған адамдар ғана жұмаққа кіре алады. Бұл қайғылы хабар бәрімізге, себебі біз бәрімізде күнә жасадық. Алла біздің күнәлі табиғатымыздан және күнәмізден арылтатын жол берсе, бұл біздің жалғыз ғана үмітіміз.

3:52 Сонда Ғиса (Ғ.С.) олардан қарсылық сезген кезде: “Алла жолында жәрдемшім кім?”,-деді. Хауарилер: “Біздер Алла үшін көмекшіміз, Аллаға иман келтірдік куә бол, шынайы мұсылманбыз” деді. (Хауарилер он екі кісі еді. Ж.М.Р.)

3:53 “Раббымыз! Түсіргеніңе иман келтіріп Пайғамбарға ердік; енді бізді куә болушылармен бірге жаз.”

Осы сұрақтарға жауап табу үшін біз Адам (Ғ.С.) өміріне терең үңілеміз. Әли Ғымран сүресі 3:59 Құран айтады Иса Адам (Ғ.С.) сияқты. Олар екеуі де бір-біріне ұқсайды себебі екеуінің де дүниедегі әкесі жоқ. Алланы тыңдамағанға дейін Адам (Ғ.С.) Алламен бірге жұмақта жүрген. Адамда мүмкіндік болды, Алланың қасында мәңгі болуға, себебі сол кезде ол күнәсіз болған, Иса сияқты. Алғашқыда Адам (Ғ.С.) әділ және киелі болған, себебі ол Алланың рухымен жаратылған және Оның киелі лебімен толтырылған. Бірақ содан кейін Адам (Ғ.С.) Алланы тыңдамау арқылы ол күнәһар болды және Алламен бірге жұмақта қала алмайтын болды.

Оқыңыз: Таһа сүресі 20:121

Содан екеуі, одан жеді. Дереву ұятты жерлері көрінді. Сондықтан екеуі де үстеріне жаннаттың жапырақтарын жаба бастады. Адам (Ғ.С.) Раббына күнәһар болып, жолдан тайды.

Біз бәріміз Адам (Ғ.С.)ның балаларымыз, тек бір адамнан басқа: оның аты Иса Мәсих. Алма ағашынан тек ғана алма жемісін аламыз. Алма ағашынан апельсин күтуге бола ма? Адам (Ғ.С.)ның жанұясында туылған балалары оның табиғатын мұрагері ретінде алады. Адамның бойындағы күнәдан келген қарғыс оның барлық ұрпағына өтеді. Тек Иса ғана ешқандай күнә жасамаған себебі ол Адам (Ғ.С.)ның қанынан туылған жоқ. Иса Адам (Ғ.С.)ның күнәларының мұрагері болған жоқ.

Енді сіз түсіне аласыз неге мен Құранды сүйіп оқитынымды? Маған мынадай құпия ашылды, Иса бұл Алланың Сөзі және Рухы, ол таңдалған, уәде етілген және күнәсіз! Осы маған жарық болды. Бірақ күте тұрыңызшы, тағы біраз нәрселер бар....

3:48 Алла (Т.) оған кітапты, хикметті және Тәурат, Інжілді үйретеді.

Алла Исаға киелі жазбаларды үйретті. Шынайы мұсылмандар киелі төрт жазбалардың **бәрін** оқиды және түсінеді: Тәурат, Забур, Інжіл шариф және Құран. Алла Мұхаммед (Ғ.С.)ға үйретті, көктен түскен хабардан сұрақтар болса, оны бұрынғы кітаптарды оқыған адамдардан сұрау керек.

Юныс сүресі 10:94

(Мұхаммер F.C.) егер саған түсіргенімізден күдіктенсең, сенен бұрынғы Кітап оқығандардан сұра. Расында саған Раббыңнан хақиқат келді. Содықтан күдіктенушілерден болма.

Мен Таурат, Забур мен Інжіл шарифті оқығанмын. Осы кітаптар түп нұсқадан аударылған және сенімге лайықты. Бір досым маған былай айтты, сол бұрынғы кітаптарды оқу арқылы өзімнің **толық** Мұсылман екенімді сезіндім. Сиыр бір аяғымен тұра алмайды, егер төрт аяғымен тұрса онда нық тұрады. Шынайы мұсылмандар кітаптардың бәрін (төртеуін) оқиды.

Ниса 4:136

Әй мүміндер! Аллаға, Пайғамбарына және оған түсірген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақирет күніне қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасты.

Бұрынғы Кітаптар өзгерген бе? Құран айтады: Жок! Алланың күші жетпей ме, Өзінің хабарын сақтауға?

Құранды оқыңызшы: Әнғам 6:114-115 (Мұхаммед F.C.): “Ол, сендерге егжей-тегжейлі Кітап түсірді. Сонда да Алладан басқа би іздейін бе?”,-(де.) *Және сондай Кітап бергендеріміз, о (Құран)ның Раббың тарапынан шындықпен түсірілгенін біледі. Ендеше, әсте күдіктенушілерден болма. **Раббыңның сөзі (Құран) шындық әрі туралықпен тамамдалған.** Оның, сөздерін өзгертуші жоқ. Ол, толық естуші, аса білуші.*

Ешкім Алланың сөзін өзгерте алмайды. Егер біреу бұрынғы Кітаптар өзгерген десе, одан сұрашы, Кім оны өзгерткен, қашан өзгерткен? Сосын олардан сұра, 600 жылдан кейін шыққан Құран Інжілдің өзгергенін бізге неге айтпаған?

Енді оқыңыз: Әли Ғымран 3:49 *Сондай-ақ оны Израил ұрпақтарына елші қылады: “Шын мәнінде сендерге Раббыларыңнан мұғжизамен келдім. Сендерге құстың мүсіні сияқты жасап, оны үрлеймін. Сонда Алланың бұйрығынша құс болады. Және Алланың бұйрығынша, анадан тума соқырды,*

алапесті жазып, өлікті тірілтемін әрі үйлеріңде не жеп нені қойғандарыңнан хабар беремін. Расында бұл жағдайда сендер үшін әрине үлгі бар. Егер иман келтірген болсаңдар.”

Мен алғаш рет Исаның саз балшықтан құсты жасағанын оқығанымда мен Алланың Адам атаны топырақтан қалай жаратқанын есіме алдым. Құран бойынша 49 шы аятта Алла Исаға өмір беретін күш берген. Алланың берген күшіменен Иса алапестерді, соқырларды, ақсақтарды емдеді және де **ӨЛГЕНДЕРДІ ҚАЙТА ТІРІЛТТІ.**

Осы аятты оқығаннан кейін менің жаным тағы да үмітке толды. Исаға өлім мен өмірдің кіліті берілген. **ӨМІР МЕН ӨЛІМНІҢ ПАТШАСЫ** бар! Бұл керемет! Бұрын мен ойлады, дүниедегі менің ең басты жауым ол - өлім. Мен енді Құраннан Исаның өлімнің үстінен бұйрық беретін патша екенін білемін. Біздің басты жауымыз өлімді женетін біреуді дүние жүзі күтті. Егер Исада өмір мен өлімнің кіліті бар болса, онда ол бізге не істей алады?

3:50 *“Сондай-ақ сендерге алдымдағы Тауратты растаушы әрі Раббыларыңнан сендерге арам етілген кей нәрселерді халал ететін аят келтірдім. Алладан қорқыңдар да маған бой ұсыныңдар.” (деді.)*

Иса өзі туылмастан бұрын киелі жазбада пайғамбарлардың алдын ала айтқан сөзі, өзінің өмірімен расталғанын айтты. Бұрынғы пайғамбарлар, Ғиса Мәсих туралы көп айтып кеткен. Түп нұсқадан аударылған кітаптарды оқыған кезімде Иса туралы 300ден аса пайғамбарлық сөздерді таптым!

Әли Ғымран 3:50 Иса айтады: Біздің Аллаға парызымыз оған (Исаға) бой ұсыну! Сіздің Аллаға ұлы құрмет көрсетуіңіз үшін Исаға бой ұсынуыңыз керек. Құранның жазуы бойынша, Исаның берген жалғыз өсиетін осы 3:50 аяттан табамыз. Осы өсиет анық : “Маған (Исаға) бой ұсыныңдар.” Ары қарай Исаға бой ұсынған адамның керемет жарылқаушылыққа ие болатын уәдесін көресіз.

Егер бізге Исаның бұйрықтарын орындау міндет болса, оларды қайдан табамыз? Оларды Інжіл шарифтен табамыз. Егер сіз Исаның не бұйырғанын білмесеңіз, қалай сіз Исаға бой ұсынып, Алланың